Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Философия кафедрасы
6D020100 философия мамандығының докторанты
Қабул Оралбай Құрманбайұлының PhD ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» атты диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Сабақтастық менің айтып, жазып жүрген тақырыбым. Докторант Оралбай Қабулға осы тақырыпқа тереңірек бойлап, зерттеп көрсін деген ниетпен бергенмін. Сабақтастық бір қарағанда жеңіл болғанымен, мән-мазмұны жағынан өте күрделі. Қай заманда болмасын сабақтастық болмаса ол жерге «шөп шықпайды» немесе ешқандай өнім бермейтін өлі денеге айналады.

Қазақ елінің Мәңгілік ел болып қалуы үшін 7 айқындама барын айтып жүрмін. Соның 6 айқындамасы - құндылықтар арасындағы трансформацияға арналған. Мәселен, И.Тургеневте «Отцы и дети» деген шығармасы барын білесіздер. Онда әке мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселе ретінде қарастырылады. Біз бұдан гөрі кеңірек ден қойып отырмыз: *Ата мен немере* арасы 40-50 жыл. Сол 40-50 жылда біз рухани кеңістікті қалай толықтай меңгеріп барып, трансформация жасап немерелерімізге беріп жатырмыз? Немере соны алып кетіп жатыр ма? Ол қалай? Осы мәселені қалай шешіп жатырмыз? Мысалы, мен, ұлым және немерем, яғни үш ұрпақ қатар отырып, бір тілде сөйлесе аламыз ба? Бізде көбінесе, біз сияқты адамдар марксизмді, социализмді мақтайды. Ол кеше Брежнев кезінде рахат боп еді дейді. Әке деген құбылып тұрады. Немере қай жағына қарарын білмейді. Сонда бұл мәселе өте үлкен мәселеге айналды. Бұны - ұрпақтар сабақтастығы деп атаймыз.

Сабақтастық философиясында нені айту керек, *ең басты ұғым* – **Ел бірлігі**. Кеше ғана Президент лауазымына кіріскен Қасым-Жомарт Тоқаев та биліктегі сабақтастықты сақтау маңызды екендігін жеткізді.

Ғылымда *ұрпақтар мен мұрагерлік тақырыбында тыңғылықты зерттеулер жүргізген* **Х. Ортеги- и Гассет** айтып отырғандай, **бір буынға 30 жыл** беріледі. Бір ұрпақтың өмір сүруі 30 жылды қамтиды. Бұл жас шамамен психологиялық, социологиялық тұрғыда анықталған. Буын жасын бөлген кезде біздің айтқымыз келіп отырғаны, ұрпақтар сабақтастығы, құндылықтар жүйесі. Үш құндылықтар жүйесі дегеніміз, *ата буын* – бір құндылықтар жүйесін өзінің бойына жиған буын. Орта, демек, *аға буын* – ол да бір құндылықтар жүйесі. Жас немесе *немере буын* - өзінің бойына

құндылықтарды жиып келе жатқан буын. Өмірінің өн бойына жинаған құндылықтар жүйесін, ата буын өзінен кейінгі орта және кіші буынға береді. Ең басты мәселе осы сабақтастықты сақтау.

Ұрпақтардың сабақтастығы бұл қозғалмалы, өзгермелі құбылыс. Сабақтастықтың мынадай түрлерін бөлуге болады. *Идеологиялық сабақтастық, саяси сабақтастық, діни сабақтастық* (неге мұсылмансың? әке шешем мұсылман) *дәстүрлі сабақтастық,* (неге бетімізді сипаймыз) *тәрбиелік сабақтастық.* Туыстық сабақтастық қазақтарда басқа халықтардан өте ерекше. Бізде жеті ата деген бар, жеті атаға дейін қыз алыспайды, демек генетикалық кодты сақтайды. Туыстық сабақтастықты бұзғандарды жазалап отырған, бұл тәрбиедегі сабақтастық.

Докторант пәлсападағы сабақтастық мәселесіне көп зерттеу жүргізілгені көрініп тұр. Батыс, Ресей, Шығыс ғалымдарының ойларына талдау жасаған. Көбінесе сабақтастықты қоғамдық қатынастардың түрленуі тұрғысынан қарастырған. Салт-дәстүрді сақтап, рухани құндылықтарды жастардың санасына сіңірумен ұштастырған.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасатындығы айқындалды. Шығыс мәдениетіндегі сабақтастық ұғымы, сабақтастықтағы трансформация мәселесі, яғни «Ата – өнегелік үлгісі», «Әке – тәрбие субстанциясы», «Немере – құндылық трансформациясы» болуы қарастырылып, олардың өзіндік ерекшеліктерінің айқындалуы, Үш буын, оған сай үш құндылықтар жүйесі өз кезегінде қоғам дамуына қызмет ету керектігін дәлелдеуге тырысқан.

Диссертация тақырыбы, сөзсіз өзекті. XX ғасыр мен XXI ғасырдың тоғысқан заманында буындар арасында сабақтастық болмаса, барлығы бекер болғаны. Сондықтанда өзіндік «менін» жоғалтпаған ұрпақ қана Мәңгілік елдің азаматы болары анық.

Диссертация жан-жақты жазылған, ғылыми жаңалығы мен теориялық құндылығы да үндестік тапқан. Докторант, ізденуші Қабул Оралбай Құрманбайұлының PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» атты диссертациялық жұмысына оң баға беремін.

Ғылыми кеңесші
ҚР ҰҒА академигі, филос. ғ.д,
профессор **Ғарифолла Есім**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«03» 05 2019 г.